

АМАНЖОЛОВТЫҢ ТУҒАН ЖЫЛЫ ЖӨНІНДЕ БІР ДЕРЕК

Республика көлемінде тіл ғылымының көрнекті ғалымы, жерлесіміз Сәрсен Аманжоловтың туғанына 100 жыл туын атап жатырмыз. Бұл үкен іс. Ғалымның ғылыми ебектері мен есімі осындай дрежеге өбден лайықты, ті одан да жоғары құрметке сй десек, артық айтқан бімас.

Ғалымның 100 жылдығына байланысты оның туған жылы жөнінде облыстық арағатта кездескен мәліметтер туралы айтқымыз келеді. Нес өкіметі алғаш орнаған кде біздің облысымыздың тігі бағынған Сібір өлкелік ревкомы 1920 жылы қазақ ағы әскери полкын құр-

мақшы болады. Сол полктың құрамына әр қазақ болыстарынан міндетті салық ретінде 21 жастағы қазақ жігіттерін жинап алмақ болған. Бұл туралы Сібір ревкомы мен губерниялық әскери бөлімінің телеграммасы 202 адам жинауға Өскемен үйезіне 1920 жылы 14-шілдеде жетеді (ШҚО архиві, Ф-13, оп.1, д-12, св.2, стр.1). Мұндай бұйрық қазақтар арасында наразылық туғызып, қарсылыққа соқтырды. Аумалы, төкпелі әрі түсініксіз азамат соғысы кезіндегі жағдайда азаматтарын өлімге бергісі келмеген жергілікті тұрғындар ашық қарсылықпен бірге жігіттерін басқа жаққа тайсатып, олардың туған жылдарын қолдан

(қағазда) өсіріп немесе кемітіп дегендей амалдар іздеген.

Өскемен үйезіне қарасты Ұлан болысы № 7 ауылынан қазақ полкына алынатын, 1899 жылы туған азаматтарының арасында Сәрсен Аманжолов та болыпты. Оған дәлел – Ұлан болысының Өскемен үйездік ревкомына № 7 ауылының үш мұғалімі Қайса Ноғайбаев, Сәрсен Аманжолов, Жафар Атахановты әскер қатарынан босатып, үйлеріне қайтаруды сұраған 20-жылдың 7-тамызында жазылған хаты. Үйездік ревком арыздағы тілекті қанағаттандырмаған сияқты. Өйткені, осыдан бір апта өткенде үйездік ревкомға Ұлан болысының № 7

ауылының 14 атақты азаматы дегендер қол қойып: “Сәрсен Аманжоловтың туған жылы 1899-шы емес, 1901 жыл” деп растаған хат келіп түскен (архив. Сонда беті 68). Осы хаттағы расталған 1901 жыл Сәрсеннің жерлестерінің өз азаматын әскер қатарына бермеудің бір амалы екеніне күмән туғызбайды. Қайткенде де Сәрсен Аманжоловтың туған жылы ресми түрде үш жыл – 1899, 1901, 1903 болып құжаттарда куәлендіріледі.

Мүмкін жас мұғалім сонау 20-жылы өз жасының басқы саңын екі жылға кемітіп алуы да мүмкін. Немесе 1899 жыл кезінде бір себептермен қолдан өсірілген жасы шығар. Кейіннен өзінің анық жасына тиянақтаған болар. Мәселе мәйегі, анық туған жылында емес (тарихта, ғылымда керек болса да) адамның атында ғой. Қай жылы туса да ғалым-филолог, академик Сәрсен Аманжоловтың халқына қалдырған ғылыми еңбегі, ұрпаққа қалдырған ізі бар, мұрасы ерен екені даусыз.

М. ШАЯХМЕТОВ,
ардагер ұстаз,
өлкетанушы.